



Сыр бойы

18 маусым, сейсенбі 2024 жыл

№93 (20767)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТТЫҚТАУЛАР МЕН ЖЕДЕЛХАТТАР КЕЛУДЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Құрбан айт мерекесіне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау хаттары мен жеделхаттар келіп түсті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өзінің құттықтауында екі ел басшыларының саяси ерік-жігері мен ортақ іс-әрекетінің арқасында халықтарымыз арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, ынтымақтастық және тату көршілік қатынастар стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне көтерілгенін атап өткен. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бақ-береке тілеген.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров адамзатты мейірімділікке үндейтін осынау қасиетті күнде достас Қазақстан халқының барлық арман-ниеті орындалуына тілектестік білдіреді.

– Біздің елдеріміз арасында қалыптасқан тығыз әрі достық қарым-қатынас бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін алдағы уақытта да нығая түсетініне сенімдімін, – деп жазылған жеделхатта.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевқа денсаулық, зор бақыт, аса жауапты қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бейбітшілік пен тұрақтылық, бақ-береке тілеген.

– Бауырлас халықтарымызды ортақ мәдени-рухани құндылықтардан, сонның ішінде бүкіл мұсылман үмбеті үшін қасиетті саналатын Құрбан айт мерекесінен бастау алатын берік достық қатынастар мен өзара тілеуестік біріктіреді, – деп жазған Тәжікстан Президенті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов өз құттықтауында тарихи тамыры мыңжылдықтардан басталатын, адамзаттың рухани құндылықтарын паш ететін қасиетті мейрам барша мұсылман үмбетінің өзара түсіністігі мен сенімінің нығаюына ықпал ететінін атап өткен.

Сонымен қатар Құрбан айт мейрамына орай өздерінің ізгі тілектерін БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаян, Мысыр Президенті Абдел Фаттах Әс-Сиси, Иордания Королі II Абдалла, Марокко Королі VI Мұхаммед, Кувейт Әмірі шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер әс-Сабах, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Палестина Президенті Махмуд Аббас, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әміршісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрінің орынбасары шейх Мансур бен Зайд Әл Нахаян, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Хусрав Но-зир, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха және тағы басқалар жолдады.

Қазақстан Президентінің атына құттықтау хаттары мен жеделхаттар әлі де келіп түсіп жатыр.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

АЖАРЛЫ ҚАЛА – АЙМАҚТЫҢ АБЫРОЙЫ құрылыста сапа мен мерзім қатаң сұралады



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысын көрді. Алдымен аймақ басшысы «Арай-2» мөлтек ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін әрлеу жұмыстарымен танысты. Быыл демеушілер қолдауымен осы жұмыс қолға алынған еді. Бұл – қала бейнесін, сәулетін жаңартуға, көркейтуге бағытталған қадам.

Өткен жылы облыстың 85 жылдығына және қала күніне орай шаһардағы 30-дан астам көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталған еді. Бұл жұмыс демеушілердің, атап айтқанда, қала құрылысшылары мен кәсіпкерлердің қолдауымен атқарылды. Игі бастама биыл да жалғасын таппақ.

Аймақ басшысы орталық алаңға барып, ондағы қайта жаңғырту, абаттандыру жұмыстарын көрді.

Өткен жылы аймақтың бас қаласын көркейтуге ерекше маңыз беріліп, игілікті істің бірі орталық алаңда бастау алған болатын. Жоба бойынша алаңға субурқақтар, қиыршық тас, жолжик тас төселіп, жарық диодты шамдар қойылып, газон, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылды. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер қойылууда. Мұнда жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары және балалар ойын

алаңы да орналастырылған. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылды. Осылайша қала келбеті, орталықтағы негізгі көшенің бірінің бойы көріктеніп түспек. Бұл тұрғындар демалысы мен серуендеуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылууда. Нысан жақын күндері халық игілігіне табысталады. Айта кету керек, орталық алаңды толық жаңғырту жобасы кәсіпкердің демеушілігімен жүзеге асырылууда.

Мұнан әрі облыс әкімі теміржол вокзалына барды. Өткен жылы вокзал ғимараты жаңғыртылып, аумағы абаттандырылған еді. Аймақ басшысы осы маңдағы дүңгіршектер мен өзге де кәсіпкерлік нысандардың қасбетін әрлеуге, тазалық пен қоғаландыруға пішімдемелер қойылууда. Мұнда жаңа үлгідегі құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылау жүктелді.

Облыс әкімі жаңа жылу-электр орталығының құрылыс алаңындағы жұмыстармен де танысты. Қолданыстағы жылу орталығының тозығы жетуіне байланысты, Мемлекет басшысының оңтүстік өңірлерде электр энергиясы тапшылығын болдырмау тапсырмасына сәйкес, түрік инвесторымен бірлесіп, құны 215 млрд теңге болатын жаңа жылу орталығының құрылысы басталғаны белгілі. Нысан 2025 жылы іске қосылады. Шетелдік инвестиция есебінен салынатын жаңа ЖЭО 240 МВт электр қуатын өндіре алады.

Жоба қазіргі «Қызылорда жылу-электр орталығы» аумағындағы 24,5 гектар жер учаскесінде іске асырылууда. Бүгінде инвестор «AKSA Energy» түрік компаниясы құрылысқа 70 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Негізгі қондырғыларды дайындау үшін шетелдік компанияларға тапсырыс берілген. Құрылғылар шілде айынан бастап Швейцария, Чехия, Италия, Түркиядан құрылыс алаңына жеткізіледі. Жоба жүзеге асырылғанда Қызылорда облысы электр энергиясымен, Қызылорда қаласы жылу энергиясы және ыстық сумен толық қамтылатын болады.



Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылған. Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қарашаңырақтан бастау алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

МЕЙІРІМДІ ҰРПАҚ – МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫНЫҢ ЖЕМІСІ

Елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының өткізіліп келе жатқанына он жылдан асты. Бұл конкурс – мемлекет деңгейінде отбасылық-демографиялық саясатты насихаттайтын, өзіндік маңызы бар жобаның бірі. Оның аясында ұзақ жылдар отасып, ұрпақ тәрбиелеп, өсіп-өнген, қоғамда лайықты орны бар шаңырақ иелерін насихаттай отырып, отбасы мәртебесін арттыруға басымдық берілген. Он жылдан бері осы конкурсқа қатысуға облыс бойынша 2200-ден астам отбасы өтініш берген екен.

Нақтырақ айтсақ, ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген қағидаларға сәйкес «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу арқылы отбасы институтын қалыптастыруда адамгершілікті, рухани құндылықтарды нығайту, ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру сияқты міндеттерге басымдық берілген. Сондай-ақ әр отбасының балалар мен қарт ата-аналарына қамқорлығын кеңінен насихаттай отырып, өнегесі мол қазақ отбасыларының өзіндік үлгісін қалыптастыруға бағытталған.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: **6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге**

100-ге жуық көше жөнделеді

Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебайдың қатысуымен жол жөндеу жұмысымен танысу мақсатында баспасөз туры ұйымдастырылды. Баспасөз туры барысында қаладағы инфрақұрылым деңгейі, автожолдарды жөндеу бағытындағы бастамалар таныстырылды. Өсіресе, көлік көп жүретін аумақтарға ерекше көңіл бөлінгенін байқадық.

Әкімдік дерегіне сүйенсек, қала және оған қарасты кент пен ауылдық округтерде жол құрылысы қарқынды. Биыл 112,8 шақырым болатын 95 көшеге жөндеу жүргізіліп, жол және көпір салынууда. Оған түрлі деңгейдегі бюджет пен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы 25,2 млрд теңге бөлінген. Қазіргі таңда мердігер мекемелер жоспарланған жобаларды сәтті іске асырып келеді.

Мысалы, баспасөз туры аясында Қожа Ахмет Ясауи көшесінде болдық. Мұнда Қожа Ахмет Ясауи көшесінің Ө.Бөкейхан көшесінен Өйтеке би көшесіне дейінгі аумағын қайта жаңғырту жүргізілуде. Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС құрылыс жұмысын наурыз айында бастаған. Құны 3 млрд теңге болатын жоба аяқталса, ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын 4 жолақты көше пайдалануға берілімек. Сондай-ақ жолды жарықтандыру, арық жүйесін реттеу, жаяу жүргіншілер жолын тесеу де қарастырылған.

Қала орталығындағы А.Пушкин көшесі де орта-ша жөндеуден өтуде. Жыл басынан бері әлеуметтік желіде тұрғындар аталған көшенің мәселесін айтқан болатын. Енді, міне, «Қызылорда жолдары» мекемесі осы көшені жөндеу жұмысын қолға алған.

Жуырда жаңа әуежай құрылысы аяқталғанын білеміз. Алайда әуежайға апаратын 13 шақырым жол қауіпсіз көлік қозғалысының талабына жауап береді деп айта алмаймыз. Соңғы 3 жылда аталған жолда 17 жол-көлік оқиғасы орын алып, 2 адам көз жұмған. Жүргізушілердің сөзінше, қауіпке жолдың екі жолақты болуы себеп.

Бұл олқылықты шешу үшін әкімдік жаңа жоба бастады. Қазір бұл жолды кеңейту мақсатында Тұңғыш Президент атындағы саябақ қоршауы алынып, тиісті жұмыс жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, жаңғыртудан өткен жол 4 жолақты болмақ. Бұл көлік қатынасына ғана онтайлы емес, қауіпсіздік үшін де қолайлы.

Баспасөз туры барысында жол құрылысынан бөлек тұрғын үйлердің қасбетін әрлеу жұмысымен



де таныстық. Қала әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебайдың сөзінше, 40-қа жуық көпқабатты тұрғын үй мен 4 әлеуметтік нысан қасбеттері заманауи үлгіде әрленбек. Бүгінде 19 нысанның сыртқы келбетін сырлау аяқталған.

– Кейінгі жылдары қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін жаңа дизайнға сәйкес өзгерту жұмысы жүрді. Өткен жылы демеушілер қолдауымен 28, бюджет есебінен 16 тұрғын үйдің қасбеті линеарлық панельмен қапталды. Биыл қаладағы тұрғын үйлердің сыртқы бетін сапалы бояумен әрлеуді қолға алдық. Бұл бояу 15-20 жылға дейін сапасын жоймайды, – деді Ғалымжан Бақтығалиұлы.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасының, «Қызылорда облысының сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасының» жүзеге асырылуы қаралды.



Аймақ басшысы атқарылған жұмыстарға тоқталып, бірқатар тапсырма жүктелді. – Өздеріңізге белгілі, елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асырылуда. Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде түрлі іс-шаралар өткізуге бюджеттен қаржы қаралады. Дегенмен волонтерліктің насихаты жеткілікті

емес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және күресуге қоғам болып жұмылу маңызды. Жобаның әр бағыты бойынша жұмысты жандандыру керек. Жергілікті атқарушы органдардың ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлық картограммасы» деген жеке бөлім бар, онда 3 бағыт бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Өңірлік сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасына енген бағыттардың бірқатары бұған дейінгі комиссия отырыстарында қаралып, тиісті тапсырма берілді. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қоры мен бағасын реттеу мәселесі облыс әкімдігі мәжілістерінде ұдайы қаралып келеді. Өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 97,7 пайызды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайызға (республика 104,7%) төмен қалыптасты. Қазіргі уақытта тауарлар мен қызметтер бағасы республикалық көрсеткіштен төмен болғанымен, біз бағаны тұрақты ұстап тұруға міндеттіміз және нарықта халық тұтынатын тауарлардың

жеткілікті қоры болуы қажет. Биыл да осы бағыттағы жұмыс жалғасуы керек. Сондай-ақ аймақта тұрғындарды газбен қамтамасыз ету қарқынды жүруде. Осы нысандарды уақытылы қабылдап алу және республикалық меншікке өткізу өте маңызды, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасының мақсаты – белсенді азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді, жеке және квазимемлекеттік сектор субъектілерін, сондай-ақ басқа да ұйымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға волонтер ретінде тарту.

Жиында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиқов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов атқарылған жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ФОРУМ

АРМАННЫҢ АСҚАРЫНА ҚҰЛАШ ҰРСАМ...



«ӘКЕ - ОТБАСЫ ТІРЕГІ» ОБЛЫСТЫҚ ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ

Қызылорда қаласы, 2024 жылғы 15 маусым

Әке – отбасының тірегі, әрбір жанның үлгі тұтар тұлғасы, отбасының қорғаны, құрмет пен берекенің бастауы. Өткен жылдан бастап мерекелік күндердің тізбесіне маусым айының үшінші жексенбісі – «Әкелер күні» болып енгізілді. Бұл атаулы күннің мақсаты – отбасылық құндылықтарды ілгерілету, отбасы институтын нығайту, әкелердің қоғамдағы рөлін арттыру.

Осыған орай, Сыр өңірінде «Әке – отбасы тірегі» атты облыстық әкелер форумы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, аймақтағы үлгілі отбасы иелері, көпбалалы әкелер, «Мерейлі отбасы» конкурсының жеңімпаздары, меценаттар, еріктілер, ардагерлер, зиялы қауым, ҰЕҰ және БАҚ өкілдері қатысты.

Сондай-ақ республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айтмағанбет Максутбек, аталған ұйымның Астана филиалының директоры Бекдайыр Нығметұлы, Президент жанындағы әкелер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Гаухар Тасбергено-

ва және ақын, жазушы, «Абай жолы», «Ахмет», «Ұлт ұстазы», «Міржақып», «Оян қазақ!» сериалдарының сценарисі, «Дайғашылы» және өзге де кітаптардың авторы Ұларбек Нұрғалымұлы арнайы оқиға ретінде шақырылды.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов форум қатысушыларына аймақ басшысының құттықтауын жеткізді. Отбасы құндылықтарын насихаттау, әкелер институтының рөлін нығайту, анаға құрмет көрсету, балаларды рухани-мәдени тәрбиелеу, білімге ынталандыру бағытында атқарылып жатқан

ауқымды жұмыстарға тоқталды. Өткен жылдан бастап аймақта «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» құрылып, Әкелер одағы облыстық филиалының жұмысы қарқынды жүруде.

Осы уақыт ішінде Тәрбие орталығы мен Әкелер одағы облыстық деңгейде форум, семинарлар, кездесулер өткізді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында «Әкелер мектебінің» құрамындағы азаматтардың қатысуымен дәріс ұйымдастырылып, оларға 50 мыңға жуық адам қатысты. Бұл бастамаға қызығушылар саны күн өткен сайын артауда.

Форумға қатысушылар арнайы тақырыптар бойынша өз пікірлерін ортаға салып, әкелердің қоғамдағы және отбасындағы алатын орны мен ролі туралы ұсыныстарын айтты.

Жиында елімізде орын алған су тасқыны салдарын жою мен алдын алуға атсалысқан елжанды азаматтар, еңбек адамдары, отбасында ғылыми, спорттық, мәдени, шығармашылық жетістіктерге жеткен балаларды тәрбиелеген әкелер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, бағалы сыйлықтар табысты.

«СБ» ақпарат

ҚОС ДИПЛОМ: ЖАҒАНДЫҚ ҰРДІС ЖОЛЫ

Оңтүстік Кореямен байланыс күшейгелі сан салада ілгерілеу басталды. Бұған дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылып, шетелдік білім беру бағдарламасы іске қосылған еді. Енді кезекті келісім шеңберінде Қызылордада жүріп-ақ Оңтүстік Корея университетінің дипломын алуға қол жетіп отыр. Мұндай мүмкіндік еларалық байланыс аясында жүзеге асып, Сыр елінің білім беру жүйесін жетілдіретін жобаға айналуға.

Кореямен білім саласындағы байланыстың символикалық мәні тереңде. Есте болса, 2021 жыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасына сапарлап, екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюына жол салған болатын. Кейін генерал Хон Бом До сүйегін тарихи отанына қайтару рәсімі Қызылорда облысы мен Корея Республикасының өңірлері арасында екіжақты байланысты орнауына зор серпін берді.

Ал өткен жылы аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Оңтүстік Кореяға барып, білім және ғылым саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға уағдаластыққа қол жеткізген. Жемісті сапардың жетістігі ретінде университет базасынан жасанды интеллект мектебі құрылып, IT технологиялар, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар бойынша білім беру басталды.

Ерекшелігі сол, аталған жасанды интеллект мектебінде шәкірттер корейлік мамандармен бірлесіп оқытылмақ. Бұл мақсатқа Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университеті маман бөліп, керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді мойнына алған. Тіпті халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жетекші университеттік жобаға грант ретінде

1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген.

– Өткен жылдың қараша айында жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Киберқауіпсіздік, бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық жүйелер және информатика бойынша бірлескен білім беру бағдарламалары әзірленді. Оған жасанды интеллект және Big Data пәндері кіреді. Биылғы оқу жылынан бастап алғашқы студенттер қабылданатын болады, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова.

Бұдан өзге өткен жылғы әкім сапары тағы бір маңызды мүмкіндікке жол ашқан болатын. Ол – қос диплом бағдарламасы. Демек, жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі студенттері қос диплом бағдарламасы бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде және Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінде (SeulTech) қатар білім алатын болады. Ректордың мәліметінше, бағдарламада қолданылатын білім беру моделі қарапайым. Студенттер алғашқы төрт семестрді Қазақстанда оқыса, кейінгі семестрді Кореяда жалғастырады.

– Жакында Корея Республикасы Президенті Юн Сок Ельдің елімізге мемлекеттік сапармен



келгенін білеміз. Маңызды сапар барысында инвестициялар, бизнес, ғылым және білім беру саласында бірқатар іс-шара өтті. Бағдарлама шеңберінде Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасында «AI architect», «Data management» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат деңгейінде кадр даярлау туралы келісімге қол қойылды, – деді ректор.

Белгілі болғандай, қос дипломдық бағдарлама биыл жүзеге аспайды. Өзірге жасанды интеллект және информатика жоғары мектебінің материалдық-техникалық базасы әзірленуде. Оған Корея тарапы қолдау білдіріп, қуатты компьютер мен дербес серверлер жеткізуді қолға алған. Дайындық сәтті аяқталса, 2025-2026 жылғы оқу жылынан бастап алғашқы студенттер қос диплом бағдарламасы бойынша білім алатын болады.

Айта кетейік, университет мәліметінше, бағдарлама шеңберінде



Аудан жаңалықтары

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖӨНДЕЛУДЕ

Қала тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін Биыл инвестициялық бағдарлама аясында 21,5 шақырым өзе желісі мен 3 қосалқы станция жаңғыртылуда. Электр желілерінен бөлек, 1,2 шақырым кабельдік электр желілері де жөнделмек.

Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары қаланың «Южный», «Жаңа базар» аумағы, «Достық үйі» маңы, Шымбай көшелерінде жүргізілуде. Сонымен қатар, бағдарлама аясында 1777 заманауи талапқа сай электр энергиясын есепке алу аспабы орнатылады және АСКУЭ жүйесіне қосылады.

«ONE WATER» САММИТІНЕ ҰСЫНЫЛАДЫ

Облысқа арнайы іссапармен келген Франция Президентінің арнаулы өкілі Барбара Помпили бастаған делегация өкілдері және Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық экологиялық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі Зулфия Сүлейменова ауданда болды.

Алдыңғы «Балықшылар аллеясы» мен «Балықшылар музейін» аралап, жергілікті тұрғындардың атакәсібіне қатысты тарихи деректерге қанықты. Делегация өкілдерімен бірге аудан әкімі А.Оңғарбаев болды. Одан соң «AralSeaFood» балық өңдеу зауытында болып, теңіз маржанын өңдеу жұмыстарының барысын көрді. Мұнда шетелдік қонақтарға ауланған балықтардың өңделіп, қатырылып, шет мемлекеттерге экспортталу жолдары түсіндірілді. Делегация мүшелері теңіздің тартылуы әсерінен болған экологиялық ахуалмен танысып, оны жақсарту мәселелерін талқылауды «One Water» саммитіне ұсынатын болады.

ЖЕМ ӨНДІРІСІ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Кәсіпкер Сайран Оразымбетова мал және шаруашылығына қажетті азық өндіруді қолға алды. Бұл өнім бұған дейін өзге өңірлерден тасымалданып келген болатын.

Бүгінде шағын және орта бизнесі дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында алған несиеге қажетті құрал-жабдықтарын түгендеді. Жем шығару үшін кәсіпкер 6 түрлі дән мен жоңышқа қосады. Бұл – мал бордаққалаудағы жем қуарлы сүт өндірісіне басты қажеттілік.

БӘСЕКЕДЕ ТОП ЖАРҒАНДАР

«Ақтөбе» ауылдық округінде Мемлекеттік қызметшілер және Полиция қызметкерлері күні қарсаңында аудан әкімінің кубогі үшін шағын футболдан турнир өтті. Ашылу салтанатында аудан әкімі Жандос Еркінбекұлы сөз сөйледі.

Спорт додасына 29 мемлекеттік мекемеден 10 команда, 100-ден аса спортшы қатысып, ала доп бәсекесінде сайысқа түсті. Тартысты өткен турнирде «Полиция бөлімі» командасы топ жарса, екінші орынға Жосалы кенті әкімі аппараты, үшінші орынға «Қорқыт елі» (аудандық қоғамдық даму, білім, мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімдерінен құралған) командасы тұрақты.

Жеңімпаздарға аудан әкімінің кубогі мен дипломдар, қаржылай сыйлық табысты.

11 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Жалағаш кенті және ауылдық округтерде жаппай сенбілік ұйымдастырылды. Оған аудан бойынша 125 мекемеден 1150-ге жуық адам қатысып, 16 техника жұмылдырылды. Сенбілікте көшелер мен саябақтардағы коқыс тазартылып, 11 тоннаға жуық құл-коқыс белгіленген орындарға шығарылды. Сондай-ақ сенбілікте көшелер, аллеялар мен саябақтар тазартылды.

7 КӨШЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентінің және А.Тоқмағанбетов ауылының тұрғындарымен кездесті.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12300 орындық 21 мектеп салынуда. Оның 1-уі аудан орталығында бой көтереді. Жалпы барлық сала бойынша жоспарлы жұмыстар атқарылып, елді мекендерді газдандыру, электр желілерін қайта жаңарту, су құбырларын жаңғырту, жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ӘКЕЛЕР КҮНІ

«Арман» мәдениет үйінде «Әке – асқар тау» атты мерекелік салтанатты шара өтті. Шараны аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Ол атам заманнан казак қоғамында әкенің орны ерекше болғандығын, ата-бабамыз көздің қаршығындай қорғап қалған ұлан-ғайыр даланы «атажұрт, атамекен» деп атауының мәні осында екенін айтты. Мұнан соң, азаматтарға Алғыс хат табысталып, шара концерттік бағдарламаға ұласты.

ШЕГЕ ӨЗІМІЗДЕ ШЫҒАДЫ

Аудан тұрғыны Азамат Құтыбаев шеге, тікен сым және қоршауға арналған тор секілді құрылысқа және ауыл шаруашылығына қажетті материалдар шығаруды қолға алған.

Кәсіпкер алдымен «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқып, кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгерген. Сосын қайтарымсыз грантка қол жеткізді. Бұл қаражатқа өндіріске қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, алғашқы өнімдерін шығара бастады.

– Кәсіпкерлік палатасының тегін оқуының арқасында білімді шындап, жобамды сәтті қорғап грантка ие болдым. Бір ғана шеге-мен шектелмей, қоршауға арналған тор мен тікен сым шығаруды мақсат етіп отырмын. Қолдйрғы минутына 260 дана шеге, бір сағатта тікен сымның 60-70 метрін шығарады, тор сетканы да сол уақытта 60-70 метр етіп дайын күйінде шығарып береді, – дейді ол.

Дайындалған Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ӘУЕЛГІ МІНДЕТ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын арттыру – көз келген компанияның басым бағыты және ұстанымы болуға тиіс. Осы мақсатта өткен аптада облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабәев аймақтағы ірі мұнай компанияларының бірі «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамының келісім-шарттық аумағы – «Құмкөл» кен орнында арнайы болып, онда еңбек етіп жатқан жұмысшылардың жағдайымен танысты.

Басқарма басшысы ең алдымен өндірістік объектілерде, атап айтқанда, кен орнындағы мұнайды дайындау және айдау, суды алдын ала айыру учаскесі, мұнайды жөнелту бөлімі, зертхана жұмыстарымен танысып, ондағы жұмысшылармен тілдесті. Еңбек және техникалық, өнеркәсіптік қауіпсіздік бағытында атқарылып жатқан кешенді іс-шаралардан хабарлар болып, аталған қауіпсіздік ережелерін оқытуға арналған сыныптарды аралап көрді. Медициналық пункт, асхана, спортзал, тұрғын жайлар мен демалыс бөлмелеріндегі жұмысшыларға жасалған жағдаймен жіті танысып, олармен пікір алмасты.

Мұнан соң Ғабит Жұмабекұлы су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек ұйымдастыруға белсене қатысқан кәсіпорын жұмысшыларын салтанатты түрде марапаттау шарасына қатысып, оларға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс хатын тапсырды.

Өздеріңізге мәлім, сәуір айының басында елімізде су тасқынына байланысты күрделі жағдай қалыптасқан қиын-қыстау сәтте Сыр өңірінің азаматтары да табиғи апаттан зардап шеккен халықпен бірге екендігін танытып, азаматтық пен елжандылықтың үлгісін көрсетті. Соның ішінде, он беске жуық ұлт өкілі татулықта, ынтымақ-бірлікте еңбек ететін «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамының бас директоры, техника ғылымдарының кандидаты Даурен Тұрғанбайұлының бастамасымен, облыс әкімдігінің, «Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалының қолдауымен және облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының үйлестіруімен өңірде алғашқылардың бірі болып 50 млн теңгеден аса қаражатқа су апатынан зардап шеккен өңірлерге, атап айтқанда, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Құлсары қаласына 10 үлкен



жүк көлігімен гуманитарлық көмек берді.

Бұл – осы компанияның жасап жатқан алғашқы игілікті жұмыстары емес. Аймақтағы мұнай-газ саласының алға басуынан бөлек, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өсуінде ерекше орын алатын кәсіпорын осы уақытқа дейін облыстағы әлеуметтік саланың дамуына 4,8 млрд теңгеден астам қаржы салды. Компанияның арқасында өңірдің экономикасына 250 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Ерекше атап өтерілі – акционерлік қоғам өзінің қызметінің басынан бастап

2023 жылға дейін қазақстандық және жергілікті мамандарды оқытуға 2,7 млрд теңгеден астам қаржы бағыттады. Өңірдегі түрлі қайырымдылық шараларына 3 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Мәселен, Талсуаттағы оңалту орталығы, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, Қарттар үйі, арнайы түзету мектептері, загіп, мүгедек жандардың қоғамдық қорлары, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасыларға компания жиі көмек көрсетіп келеді. Сонымен қатар, акционерлік қоғам жергілікті спортшылардың түрлі

халықаралық байқауларға қатысуына қаржылай қолдау көрсетіп, демеушілік жасады. Қоғам 2022 жылы барлық жұмысшылардың еңбекақысын 30%-ға, 2023 жылы 15%-ға, 2024 жылы 10%-ға көтеріп, оларға үнемі жағдай жасап келеді. Мұнай-газ саласындағы бірегей кәсіпорынның халық және қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі ескеріліп, 2009 жылы кәсіпкерлерге арнап тағайындалған «Парыз» мемлекеттік конкурсының Гран-при жүлдесін жеңіп алып, «Әлеуметтік жауапкершілік көшбасшысы» атанды. 2022 жылы осы конкурстың «Өнеркәсіптегі қауіпсіздік» номинациясы бойынша күміс жүлдегері болды. Қорыта айтқанда, жұмысшылар мен өңір халқы алдындағы әлеуметтік жауапкершілік – әрбір компанияның басты бағыты, ұстанымы және елдік парызы болуы қажет, – деді өз сөзінде Ғабит Жаңабәев.

Сондай-ақ шара барысында «Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева компания жұмысшыларына Қызылорда қаласы әкімінің, «Аманат» партиясының марапаттарын табыс етті.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,
«Торғай-Петролеум» АҚ
бөлім басшысы

/// ФУТБОЛДАН ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ

АЛБАНИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ СЕНСАЦИЯСЫ



Фото: Аманат

Өткен аптаның жұмысынан бастап Германияда футболдан Еуропа чемпионаты жалауын көтерді. Құрлықтық додада барлығы 24 құрама алты топқа бөлініп, өзара тартысты қыздыра түсті. Қазірге дейін төрт топта алғашқы турдың ойындары өткізілді.

Бедделі бәсекеңің тұсау-кесер ойынында Германия құрамасы Шотландия ойыншыларын ойсырата жеңді. Есеп – 5:1. Ойынның 10-минутында Флориан Вирц қақпадан саңылау тапса, Кай Хаверц 19, 46-минутта екі гол соқты. Ал Никлас Фюллерквуд 68, Эмре Жан 93-минутта есепті үстемелей түсті. Олардың қатарынан 87-минутта Антонио Родригер автогол авторы атанды.

Аталған топта Венгрия алғашқы кездесуде Швейцарияға 1:3 есебімен жол берді.

В тобындағы азулы Испания құрамасы бірінші ойынның сәтті өткізді. Олар тәжірибелі Хорватия футболшыларымен кездесіп, жасыл алаң төрінде жарқылдай көзге түсті. Лука Модрич секілді шеберлігі жоғары ойыншылар да испаниялық саңлақтарға тойтарыс бере алмады. Ойынның 29-минутында испаниялық Альваро Мората есеп ашса, Фабиан Риус 32-минутта басымдықты арттырды. Ал 47-минутта Даниэль Карвахаль қорытынды есепті белгіледі. Осылайша олар қарсыласын 3:0 есебімен тізе бүктіріп, турнир кестесінде көш басына шықты.

Бұл топтағы Италия құрамасы Албанияны 2:1 есебімен тізе бүктіріп, 2020 жылғы Еуропа чемпионы атағын жеңіп алған итальяндық футболшылар өз қақпасына жылдам гол жіберіп алды. Олардың қорғаныс шебіндегі ойыншылар 23-секундта өз айып алаңында өрескел қателікке бой алдырды. Оны албаниялық Недим Байрами шебер пайдаланып, өз құрамасын алға шығарды. Бұл – Еуропа чемпионатының алпыс жылдан астам тарихындағы ең жылдам соғылған гол. 2004 жылы Ресей футболшысы Дмитрий Кириченко 68-секундта қанжығасын майлаған еді.

Сондай-ақ С тобындағы Англия құрамасы Сербияны 1:0 есебімен сүріндірсе, Словения мен Дания 1:1 есебіне қанағат білдірді.

Ал D тобында Польша Нидерланд құрамасына 1:2 есебімен есе жіберсе, бұл топтағы Австрия мен Франция ойыны кеше, 17 маусымда өтті. Оған қоса E тобындағы Бельгия мен Словакия, Румыния мен Украина кездесті.

Бүгін F тобындағы Португалия мен Чехия, Түркия мен Грузия шеберлік байқасады. Құрлықтық дода ойындары Германияның Берлин, Дортмунд, Дюссельдорф, Майнц Карвахаль қорытынды есепті белгіледі. Осылайша олар қарсыласын 3:0 есебімен тізе бүктіріп, турнир кестесінде көш басына шықты.

Бұл топтағы Италия құрамасы Албанияны 2:1 есебімен тізе бүктіріп, 2020 жылғы Еуропа чемпионы атағын жеңіп алған итальяндық футболшылар өз қақпасына жылдам гол жіберіп алды. Олардың қорғаныс шебіндегі ойыншылар 23-секундта өз айып

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Облыстық фтизиопульмонология орталығы ұжымы орталық қызметкері **Исабекова Лаура Әділханқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«СБ» ақпарат

/// БӘРЕКЕЛДІ



БАС ЖҮЛДЕ – СЫР ЕЛІНДЕ!

Шымкент қаласында қоғам қайраткері, ақын-жазушы Шалқар Әбішұлының 80 жылдығына арналған «Шалқар термесі» дәстүрлі республикалық жыршы-термешілердің байқауы өтті.

Биыл үшінші рет ұйымдастырылған өнер додасына 12 облыс және Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан 21 өнерпаз қатысты. Байқау екі кезеңнен тұрады. Жыршы, термешілер алдымен Шалқар Әбішұлының шығармаларын, сондай-ақ әр өңірдің өзіне тән терме-толғауларын орындады.

Жыр додасында жерлесіміз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» білім беру бағдарламаларының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі, Мәдениет саласының үздігі Марат Сүгірбай байқаудың бас жүлдесін жеңіп алып, автокөлік иеленді.

Сырдағы өнер өкілдері жыр жүйірін жеңісімен құттықтап, шынайы тілектестіктерін білдірді.

«СБ» ақпарат

/// ТУРНИР

ЖАРҚЫРАП ТҮСКЕН БІР ЖҮЛДЫЗ



Сенбде шағын футболдан белгілі журналист Сахитжан Бермағанбетовті еске түсіруге арналған облыстық турнир өтті. Бұл шара 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне арнап ұйымдастырылды. Онда барлығы алты команда өзара мықтыны анықтады.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов өңір журналистикасына өз өрнегін қалдырған абыройлы азаматтың есімі жерлестерінің жүрегінен өшпейтінін атап өтті.

Небәрі 25 жасында тікұшақ апатынан көз жұмған қарымды қалам иесі еңбек жолын студент кезінен бастап, қалалық қоғамдық телеарнасында редак-

тор, хабарлардың авторы мен жүргізушісі болды. Одан кейін «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында редактор қызметін атқарып, «Түйін» ақпараттық сараптау бағдарламасын жүргізді.

Өмірінің кейінгі жылдарында облыс әкімінің баспасөз хатшысы, баспасөз орталығының жетекшісі болды. Өзінің өткір тілімен, батылдығымен үшкір ойлы журналист екенін көрсетті. Облыстық, республикалық дең-

гейдегі телебайқаулардың жеңімпазы атанды.

Ашылу салтанатында Сахитжанның анасы Меруерт апа жарысты ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді.

Облыстық турнирде командалар екі топқа бөлініп сайысты. Жартылай финалда «Меншікті тілшілер» «Қоғамдық даму», «Сыр медиа» «Qyzylorda TV» командаларын қапы қалдырды.

Финалда «Меншікті тілшілер» «Сыр медианың» 4:2 есебімен жеңіп, турнирдің жеңімпазы атанды. Үздік үштікті «Qyzylorda TV» түйіндеді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.